



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Ауылдық аумақтарды өңірлік дамыту" жобасын дайындау үшін техникалық көмек беру туралы келісім-хатқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1001 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Ауылдық аумақтарды өңірлік дамыту" жобасын дайындау үшін 677000 (алты жүз жетпіс жеті мың) АҚШ доллары баламасынан аспайтын сомаға техникалық көмек беру туралы келісім-хаттың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Серік Әбікенұлы Үмбетовке Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы "Ауылдық аумақтарды өңірлік дамыту" жобасын дайындау үшін техникалық көмек беру туралы келісім-хатқа қол қоюға ө к і л е т т і к б е р і л с і н .

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заттай түрде берілетін техникалық көмекті бірлесіп қаржыландыруы 319000 (үш жүз он тоғыз мың) АҚШ доллары баламасынан а с п а й д ы д е п б е л г і л е н с і н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Бейресми аударма

Азия Даму Банкі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Қ а р ж ы м и н и с т р і

А.Дунаев мырзаға

Құрметті Дунаев мырза,

"Ауылдық аумақтарды өңірлік дамыту"

(ТК N 4175-ҚАЗ) жобасын дайындауға техникалық көмек

Біз 2003 жылғы 17 қыркүйекте Азия Даму Банкі (АДБ) Қазақстан Республикасының Үкіметіне (Үкімет) "Ауылдық аумақтарды өңірлік дамыту" жобасын дайындауға, 677,000 АҚШ доллары баламасынан аспайтын сомаға техникалық көмек (Техникалық көмек) беруді қолдағаны туралы Сізге хабарлауға қуаныштымыз.

Техникалық көмек (I) 1995 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен АДБ арасындағы Техникалық көмек туралы Негіздемелік Келісімге (Негіздемелік Келісім); және (II) хатқа қоса беріліп отырған Техникалық Көмек туралы Есептің (ТКЕ) 19-21 параграфтарында сипатталған тетікке сәйкес қаржыландырылады және жүзеге асырылады. ТКЕ-ге сәйкес, Ауыл шаруашылығы министрлігі (АШМ) осы Техникалық Көмек бойынша Атқарушы Агенттіктің функцияларын орындайды.

Осы Техникалық Көмек грант негізінде АДБ техникалық көмегін қаржыландыру бағдарламасының қаражатынан бөлінеді.

Егер осы шарттар Сізге қолайлы болса, осы Келісім-Хаттың екі данасына, екінші бетте көрсетілген жерге Үкімет атынан қол қоюыңызды өтінеміз. Бір көшірмесін өзіңізде қалдырып, ал екінші түпнұсқасын АДБ-ге жолдауыңызды өтінеміз.

Шығыс және Орта Азия департаментінің Ауыл шаруашылығы, қоршаған орта және табиғи ресурстар басқармасы директоры (Кацуджи Мацунами мырза) осы Техникалық Көмекті іске асыруға байланысты мәселелер үшін жауапты болады. Сондықтан осы Техникалық Көмек бойынша барлық хат-хабарды соның атына жолдауыңызды сұраймын.

Құрметпен,

К а ц у д ж и М а ц у н а м и

Шығыс және Орта Азия Департаментінің

Ауыл шаруашылығы, қоршаған орта және

табиғи ресурстар басқармасы директоры

Қосымша: "Ауылдық аумақтарды өңірлік дамыту" жобасын дайындауға Техникалық Көмек Есебі.

Р а с т а л ғ а н :

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан

Аты-жөні: _____

Лауазымы: _____

Күні _____

Көшірмесі:

ҚР Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі
Қ. Келімбетов мырзаға

Факс: (3172) 71 77 12

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі
С. Үмбетов мырзаға

Факс (3172) 32 45 41

Қазақстандағы АДБ Өкілдігінің директоры
К. Хигучи мырзаға

Факс: (3172) 32 83 84

"Ауылдық аумақтарды өңірлік дамыту"
жобасын дайындау үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметіне
техникалық көмек

2003 жылғы тамыз

Валютаның бағамы
(2003 жылғы 23 маусымдағы жағдай бойынша)

В а л ю т а	-	Т е ң г е	(Т)
Т 1 , 0 0	=	\$ 0 , 0 0 6 7	

\$ 1,00 = Т 148,505

Қысқарған сөздер

А Д Б - А з и я д а м у б а н к і
Ж І Ө - Ж а л п ы і ш к і ө н і м
А Ш М - А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р л і г і
А А Д М Б - А у ы л д ы қ а у м а қ т а р д ы д а м ы т у д ы ң м е м л е к е т т і к б а ғ д а р л а м а с ы
Т К - Т е х н и к а л ы қ к ө м е к

Сөздік

А у ы л - Е л д і м е к е н
Облыс - І р і ә к і м ш і л і к а у м а қ т ы қ б і р л і к
Аудан - Облыс құрамындағы әкімшілік бірлік

Ескерту

Осы құжаттағы \$ белгісі АҚШ долларын білдіреді

Бұл құжатты -----
Джон Уиттл даярлады

I. Кіріспе

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі (Үкімет) Азия даму банкіне (АДБ) Ауылдық аумақтарды өңірлік дамыту жобасын (Жоба) дайындау үшін Техникалық Көмек (ТК) беруге өтінім жасады. Үкімет бағдарламасы мен Елдер стратегиясы және АДБ-нің 2003 жылға арналған бағдарламасы құрамына кіретін бұл ТК Үкіметке Үкімет жариялаған 2003-2005 Ауылды өркендету жылдары шеңберінде жекелеген ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған инвестициялық жобаны дайындауға жәрдемдеседі. АДБ өзінің алғашқы көмегін қысқа мерзімді техникалық көмек шеңберінде (ҚТК) ¹ Ауыл шаруашылығы министрлігіне көрсетті. 2002 жылғы желтоқсанда АШМ-нің жасаған ТК жөніндегі ұсынысы Өзара түсіністік туралы меморандумның (ӨТМ) жобасы үшін негіз болды. 2003 жылғы сәуірде АДБ ӨТМ жобасы жөнінде АШМ-нен ескерту алды. 2003 жылғы мамырдың 12-сінен 23-не дейін Қазақстанға АДБ-ның фактілерді нақтылау жөніндегі миссиясы келді, оның барысында одан әрі талқылау өткізілді және бірлесе әрекет ету жөнінде келісімге қол жеткізілді. Осы есеп сол миссияның тұжырымдамаларына және Үкімет қол жеткізген осы ТК-тің мақсаттары, міндеттері, көлемдері, іске асыру тетіктері, шығын сметалары мен техникалық тапсырмаларына қатысты түсіністіктерге негізделіп жасалынды. ² ТК-ің алдын ала сипаты 1-қосымшада берілген.

¹ АДБ, Қазақстанға техникалық көмек "Ауылды дамытудың бірлескен жоспары" М а н и л а . 2 0 0 2 ж ы л .

² Осы ТК-тің сипаттамасы алғаш рет 2002 жылғы 5 қыркүйекте АДБ-нің "Business Opportunities" интернет-жарияланымда шықты.

II. Проблемалық мәселелер

2. 1991 жылдан бастап Қазақстан рынокты экономикаға өтуге бағытталған реформалаудың қатаң бағдарламасын жүзеге асыруда. Реформалар ұжымшарлар мен кеңшарларды жекешелендіруді, ауылдық кәсіпорындарды қайта құрылымдауды, бастапқы материалдар мен ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаны ырықтандыруды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуға қойылған шектеулерді кемітуді қоса, бастаманың кең спекторын көздеп отыр. Соңғы жылдары Қазақстан басқаларымен қатар қаржылық кірістерін де өсіре отырып, өзінің макроэкономикалық көрсеткіштерін едәуір нығайтып алды. Бұл экономиканың біршама өсуіне алып келді. Мұнай саласынан түсетін қаржылық кірістердің өсуіне қарамастан, шығыс бөлігінің едәуір көтерілуі байқалған жоқ. 2001 мен 2002 жылдары байқалған бюджеттің профициті 2003 жылы да сақталады деп күтілуде. Келешекте мұнайдан түсетін кірістің өсуі көпшілік халықтың, әсіресе ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтереді деп күтілуде. Егер 1999-

2001 жылдары ауыл шаруашылығындағы инвестицияның деңгейі жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 1,4 пайызындай ғана төмен болса, ал 2004 жылдың бюджетінде ауыл аумақтарын дамытуға бөлінетін қаржының өсуі күтіліп отыр.

3. Ауыл шаруашылығы аз түсім әкелетін қауіп-қатері жоғары сала болып қалып отыр. Оның ЖІӨ-дегі үлесі шамамен 8,5 %-ды құрайды және де бұл көрсеткіштің таяу арада өзгеретіні байқалмайды, бірінші кезекте мынадай себептер бойынша: мұнай мен газдан түсетін кірістің өсуі, ішкі өткізу рыногының шектеулілігі, сыртқы рыноктардың тұрақсыздығы және жоғары көлік шығыстары мен ескірген технологияларға байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсеке қабілетінің әлсіздігі. Ауылда жұмыссыздық пен жұмыспен толық қамтылмау кең тараған, ауыл тұрғындарының кедейлік деңгейі 38 %-ды құрайды (2001 жылғы нәтиже бойынша), соның салдарынан отбасылар ауылдық елді мекендерді тастап, қалаға қоныс аударуда.

4. 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясы ауыл халқының тұрмыс деңгейін жақсартуға және қала мен ауылдың арасындағы айырмашылықты төмендетуге бағытталған ұзақ мерзімді мақсатты көздейді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары Қазақстанның ЖІӨ-сін екі есе арттыруға және ауыл шаруашылығы саласының бәсекелестік қабілетінің дамуына ықпал ету арқылы ауылдағы тұрмыс деңгейінің тұрақты түрде ұзақ мерзімді өсуіне бағытталған. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы бәсекеге қабілетті өнімдер шығаратын тиімді агроөнеркәсіптік кешен қалыптастыру арқылы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

5. 2002 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті 2003-2005 жылдар *Ауылды өркендету жылдары* деп жариялады. Жолдауда Қазақстан Республикасының Үкіметіне қаржылық-экономикалық, оның ішінде нарықтық экономика жағдайында кірісті және жұмыспен қамтуды ұзақ мерзімді өсіру перспективасы бар ауылдарды дамытудың әлеуметтік және ауыл шаруашылық саясатын жасау жөнінде тапсырмалар бар. Мұндай аумақтарды дамыту, сондай-ақ экономикалық дамудың перспективасы шектеулі немесе экологиялық жағынан қолайсыз өңірлерден көші-қон ағындарын тарту үшін де көзделіп отыр. 2002 жылдың маусымында АШМ ауылдық елді мекендердің даму стратегиясын әзірлеуге жауапты болып белгіленді.

6. АДБ АШМ-ге 14 облыстың құрамындағы өсу әлеуеті әртүрлі және әлеуетті іске асыруға кедергі болатын факторлары да әртүрлі 160 аудандарды топтастыру әдіснамасын дамытуды қолдау ретінде ҚТК (1-сілтеме) берді. ҚТК-ні іске асыру табысты өтті және де АШМ Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (

ААДМБ) дайындау кезінде аудандар мен елді мекендерді одан әрі топтастыру үшін осы
ә д і с н а м а н ы қ о л д а н д ы .

7. АШМ 2002 жылғы желтоқсанда 81 демографиялық, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіш бойынша деректер жинау мақсатында барлық 7 660 ауылдық елді мекендерді паспорттауды жүргізді. Әдіснама және елді мекендерді даму әлеуеті жоғары, орташа, нашар және даму әлеуеті жоқ елді мекендерге алғашқы жіктеу облыс және ауылдық елді мекендер өкілдерімен 2003 жылғы 27 ақпанда өткен кеңесте талқыланды. Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық, инфрақұрылымдық және экологиялық проблемаларын шешу жөніндегі шараларды анықтауда АШМ төменнен жоғары тәсілін пайдаланды. Ұсынылатын іс-шаралар бағдарламалары аудандық және облыстық деңгейлерде жасалды әрі қаралды. АЕМ-ді жіктеу және ұсынылатын іс-шаралар бағдарламасы енген ААДМБ министрліктер мен ведомстволардың қарауына 2003 жылғы 7 сәуірде берілді. ААДМБ-ны Қазақстан Республикасының Үкіметі 2003 жылғы маусымда 2004-2006 жылдарға арналған бюджетте 67,5 миллиард теңге (шамамен 450 миллион \$) мөлшерінде мақұлдады.

8. ААДМБ-нан басқа Президенттің 2003 жылғы 4 сәуірдегі Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасы Үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі мақсаты болып табылатын ауыл шаруашылығы мен ауылдық аумақтарды өркендету мен дамытуға бағытталған басқа да бағдарламалары бар. Мұндай бағдарламалар қатарына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысымен бекітілген Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы , Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы (ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бөлігі); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 наурыздағы N 296 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 ақпандағы N 128 қаулысымен бекітілген "Ауыл мектебі" 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысымен бекітілген 2002-2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы және ұсынылып отырылған Жергілікті маңызы бар жолдарды дамыту бағдарламасы жатады. Оның үстіне бюджетаралық қатынастарды жетілдіру арқылы мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейінде аумақтық даму мен тиімді басқаруды қамтамасыз ету мәселелерін шешудегі басқарудың жергілікті органдарының өкілеттігін кеңейтумен мемлекеттік басқарудың жүйесін жетілдіру жоспарлануда. Бюджеттік саладағы биліктің әртүрлі деңгейлері арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажырату, сондай-ақ демократияландыру мен орталықсыздандыру процесі шеңберінде жергілікті басқару органын одан әрі

институционалдандыру және нығайту көзделуде.

9. ААДМБ-ны, басқа да бағдарламаларды даярлау, сондай-ақ мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру Қазақстан Республикасының Үкіметіне ауылдық аумақтардың қажеттіктерін қарауға неғұрлым тұтастай келуіне мүмкіндік береді. Қолданыстағы бағдарламалардың тігінен интеграциясы және биліктің әртүрлі деңгейлеріндегі жаңа функциялармен, өкілеттіктермен және жауапкершілікпен барлық бағдарламаларды біріктіретін одан арғы деңгейлес интеграциясы тиімді интеграцияланған өңірдің дамуы үшін перспективалар ашады. Жоспарлау жүйесіндегі және ведомствоаралық және бюджетаралық қатынастардағы өзгерістер мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары қызметінде күрделілене түсудің неғұрлым жоғары деңгейін тудырады, алайда ол сонымен қатар тиімді түрде іске асуы ұйымдық қайта құруларды қажет ететін өңірлік және ауылдық жоспарлау үшін негізді құрайды.

10. Қазақстан Республикасының Үкіметі проблемалы ауылдық аумақтарға рыноктік экономикаға енуге мүмкіндік беретін стратегиялар мен іс-шараларды ойдағыдай әзірлеуге және оларды іске асыруға бағытталған маңызды бейімделу бағдарламасын дайындауға кірісті. Мұндай бейімделу процесі мыналарды көздейді: халықтың кедей емес және кедей жіктерінің экономикалық өсуін ынталандыру және тұрақты тұрмыс деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі экономикалық шаралар; перспективасы жоқ өңірлерден басы артық еңбек ресурстарын тартатын жаңа жұмыс орындарын жасау арқылы аумақтардың даму әлеуетіне сәйкес ауыл халқын орналастыруға жәрдемдесу; және аумақтық даму қарқынына сәйкес перспективасы жоқ елді мекендерде қалатын халықтың қажеттіктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін қоса іздестіре отырып, соларға барабар және инновациялық-әлеуметтік қызмет көрсетуді (денсаулық сақтау мен білім беру) ұсыну. Атап айтқанда ішкі көші-қон ағыны объектісі болатын аумақтар үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі сандық және кеңістікті ауылдық орналасулар бойынша (ауылдық орналасудың ең тиімді үлгісі ³) ұсыныс әзірлеуді жоспарлап отыр. Бұл жерді пайдаланудың тиісті жоспарын жасау, жеке және әлеуметтік инфрақұрылымдағы тұрғындардың қажеттіктерін анықтау, сондай-ақ өтпелі кезеңдегі әлеуметтік дамудың шаралары үшін жасалады.

³ Бұл ұғым ААДМБ-да бар, алайда анық анықтаушы жоқ. Біздіңше ол кең ұғымда ауылдық елді мекендер мен тұрғындарды ұтымды немесе тиімді орналастыруды, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік құрылымдар мен тиісті сападағы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуді білдіреді.

11. Ауылдық аумақтарды өңірлік дамыту жүйесі осындай бейімделу бағдарламасына қолдау көрсетеді және рыноктық жүйелердің, қызмет көрсету жүйелерінің және экологиялық жүйелердің жеткілікті дәрежедегі кең өңірлік контекстегі бағдарламасы мен жобасын жасауға көмектеседі. Қазақстан

Республикасының Үкіметі алға қойып отырған ауылдың экономикалық өркендеуі жөніндегі мақсаттарды түгелдей іске асыру үшін мынадай бастамаларды жедел жүзеге асыру қажет: (i) өңірлік жоспарлауда және бюджетаралық қатынастарды жетілдіруде әлеуеттер мен қажеттіктерге бағалау жүргізу; (ii) аудандық және облыстық деңгейде өңірлер мен ауылдық аумақтардың тиісті даму жоспарларын жасау және (iii) басымдықты мемлекеттік инвестициялар мен әлеуетті жеке инвестицияларды анықтау. Инвестициядан барынша пайда түсіруге мүмкіндік беретін және ауылдық аумақтың әлеуетінің барынша өсуіне алып келетін жоспарлау әдістерін зерделеу үшін бір немесе бірнеше облыста пилоттық негізде жұмыс жүргізу қажет. Осы ТК аясында болашақ инвестициялық жобаның нақты техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленетін болады.

III. Техникалық көмек

A. Мақсат пен күтілетін нәтижелер

12. Осы ТК-ің мақсаты облыстар мен аудандарға олардың өкілеттіктері мен жауапкершіліктеріне сәйкес біріктірілген шараларды жоспарлауға және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өңірлік даму мен инвестициялық пилоттық бағдарламасының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау болып табылады. Болжамды ТК 2004 жылы басталады деп күтілуде.

13. Осы ТК екі фазаға бөлінеді, соның нәтижесінде мынадай негізгі құжаттар дайындалатын болады: I Фаза (3 ай) бағалау жүргізуді, өңірлік жоспарлау бойынша, бірінші кезекте облыстық және аудандық деңгейлерде ұсыныстар мен нұсқаулықтар дайындауды көздейді. I Фазаға мыналар енеді: (i) интеграция және өңірлік дамудың республикалық жоспарларын нақтылау және өңірлік дамудың облыстық/аудандық жоспарларын дайындау кезінде өңірлік даму жөніндегі нұсқаулық; (ii) өңірлік және ауылдық жоспарлау саласында ұйымдық мүмкіндіктерді бағалау, оның ішінде, мемлекеттік саясат пен заңдарды, адам ресурстарын дамытудың ұйымдық аспектілері мен қажеттіліктерін қоса мүмкіндіктерін күшейтуге қажеттіліктерді бағалау (бағалау мен негізгі ұсыныстар құжат түрінде берілетін болады); (iii) өңірлік жоспарлаудың оң халықаралық әдістері мен құралдарын бейімдеу, атап айтқанда, ішкі көші-қон ағындарын болжамдау мен басқару және ауылдық елді мекендерді үлгілеу және (iv) I фаза нәтижелері бойынша республикалық семинардың есебі мен ұсыныстары және II фазадағы жоспарланған іс-шаралар мен жұмыс нәтижелері бойынша шолу мен ұсыныстар.

14. I фазаны ойдағыдай іске асырған жағдайда II фазадағы жұмыстар 5 ай ұзақтықпен АДБ-ның қаржыландыруы мүмкіндігі үшін өңірлік даму жоспарын дайындау және келісілген инвестициялық жобаны әзірлеу кезінде рәсімдер мен жоспарлау әдістерін қолдануға шоғырланатын болады. II фазадағы жұмыс көлеміне

мыналар кіретін болады: (i) өңірлік жоспарлау әдістерін нақтылау арқылы оларды пилоттық облыстар мен аудандарда қолдану; (ii) негізгі әлеуметтік-экономикалық проблемалар мен әлеуетті есепке ала отырып пилоттық облыстар мен аудандардың өңірлік даму жоспарын дайындау және мониторинг (индикаторлар мен мониторингтің механизмі) үшін база жасау; (iii) ауылдық аумақтарды дамытуға бөгет жасайтын негізгі проблемаларды ұсынылып отырған инвестицияның қаржылық, институционалдық экологиялық және әлеуметтік ықпалын есепке ала отырып еңсеру мақсатымен АДБ қаржыландыру мүмкіндігі үшін инвестициялық жоба жасау және (iv) республикалық және жергілікті деңгейдегі барлық мүдделі тараптарға ұсынылып отырған Жобаның мақсатының, көлемінің және іске асыру тетігінің біртұтас түсінігін әзірлеу.

В. Іс-әрекеттердің әдіснамасы мен негізгі бағыттары

15. Осы ТК іске асыру Үкіметтің ААДМБ-ны әзірлеу кезінде пайдаланған төменнен жоғары қарай бірлесе жоспарлау жөніндегі рәсімдік көзқарастар мен бастамашылыққа негізделетін болады. Өңірлік жоспарлауға неғұрлым ықпалдастырылған көзқарасты қамтамасыз ету үшін тараптардың деңгейлес те, сатылас та қатысуы қарастырылатын болады. Деңгейлес қатысу ТК Үйлестіру комитеті, техникалық жұмыс топтары, облыстық/аудандық деңгейлердегі жұмыс топтары, мүдделі тараптар қатысқан семинарлар мен барлық салалық және ауданаралық мүдделерді есепке алу үшін жұртшылық өкілдері арқылы жүзеге асырылатын болады. Облыстық және аудандық мәслихаттарға ерекше рөл берілетін болады, осыған байланысты олардың жұмысына ауылдық аумақтарды дамыту мүдделерін қорғайтын және ауыл тұрғындарымен тікелей жұмыс істейтін аралық топтар (үкіметтік емес ұйымдар мен басқа да қоғамдық бірлестіктер сияқтылар) қатысатын болады. Салалас біріктіру АШМ қызметкерлері мен пилоттық облыстар/аудандар мен жұртшылық өкілдерінің тығыз ынтымақтастығы мен үйлесімділігінің арқасында қамтамасыз етілетін болады. Өңірлік даму жоспарларын дайындау барлық тараптардың қатысуымен, жоспарлау мен талдаудың ауыл аумақтарының әлеуетін бірлесіп бағалау және артықша қажеттіліктер мен іс-шараларды төменнен жоғары - елді мекендерден республикалық органдарға дейін қайта-қайта анықтап, белгілеу сияқты әдістері арқылы жүзеге асырылатын болады.

16. І фазаның іс-шараларына мыналар кіреді: (i) ауыл шаруашылығы мен ауыл аумақтарының әртүрлі даму бағдарламаларына, саясаттар мен заңдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі органдарының өкілеттіктері мен жауапкершіліктеріне және тиісті қаржылық өкілеттіктерге байланысты республикалық зерттеулерді талдау. Бұл зерттеулерге ішкі көші-қонды басқару мәселелерін реттейтін заң шығарушы базаларды бағалаулар жатады; (ii) жоспарлаудың қолданыстағы жүйелері мен рәсімдерін талдау; (iii) бір немесе екі облысты іріктеу өлшемін және келісілген таңдауды әзірлеу; (iv) қолда бар ұйымдық мүмкіндіктерді бағалау мен оларды нығайту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында облыстық және аудандық деңгейдегі қызметкерлерімен кеңес және топтық кездесулер өткізу; (v) өңірлік

жоспарлау әдістерінің республикалық, облыстық және аудандық деңгейдегі қызметкерлері арасында тұсаукесерін жасау және олардың жергілікті жағдайда пайдаланылуы мен бейімделу әдістерін талқылау; (vi) ТК Үйлестіру Кеңесі және АДБ-мен талқылау үшін қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу және (vii) I фаза нәтижелері және жоспарланған іс-шараларды талдау және II фаза нәтижелерімен танысу мақсатында барлық мүдделі тараптар үшін семинар өткізу.

17. II фазада жұмыстың мынадай түрлерін орындау жоспарланған: (i) республикалық және пилоттық облыстар мен аудандардың жергілікті органдарының тиісті қызметкерлерін өңірлік жоспарлау рәсімдері мен әдістеріне үйрететін семинарлар арқылы базалық оқыту жүргізіп, өңірлік жоспарларды әзірлеу әдістерін біртіндеп тәжірибеде қолдану; (ii) өңірлік жоспарлар жасау барысында дайындалған өңірлік жоспарлау жөніндегі нұсқаулықтарға түзетулер енгізу; (iii) сыртқы қаржыландыру үшін басым жобаларды анықтау; (iv) техникалық жоба, қоршаған ортаның жағдайын талдау, қаржылық және экономикалық талдау, институционалды талдау, әлеуметтік-экономикалық зерттеу енгізілген, әлеуетті бенефициарлардың кедейлік деңгейінің бағасы, қажет болса, - тұрғындарды орналастыру жоспары енгізілген инвестициялық жоба жасау және (v) Жоба мен оны іске асыру тетіктерін тиісті министрліктермен және ведомстволармен және ТК Үйлестіру кеңесімен өткен кеңестер, барлық мүдделі тараптар қатысқан семинарлар және республикалық қорытынды семинар барысында барлық мүдделі тараптармен келісу.

С. Құн және қаржыландыру

18. Осы ТК жалпы сметалық құны \$996.000 баламасын құрайды, мұның шетелдік валютадағы шығындары - \$506.200 және жергілікті валютадағы шығындары - \$489.800 баламасы. АДБ шетелдік валютадағы барлық шығындарды \$677.000 баламасы және жергілікті валютадағы шығындарды қосқандағы \$170.800 баламасын қаржыландырады. Қаржыландыру АДБ ТК қаржыландыру бағдарламасы бөлген грант қаражатынан жүзеге асырылатын болады. Үкімет жергілікті валютадағы шығындарды жабуға офистік үй-жай, деректер жинағы, қызметкерлерді ұйымдық демеу және еңбек үлесі түрінде \$319.000 баламасын береді. Үкімет үлесі ақша емес түрінде берілетін болады және ол АШМ мен мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының ағымдағы шығыстарына бөлінген бюджеттік қаржыда өз көрінісін тауып та үлгерді. Шығыстардың толық сметасы 2 қосымшада берілген. I Фазадағы жұмыстарға сметалық құнның шамамен - 35 %, ал II Фазадағы жұмыстарға 65 % қарастырылған. ТК-тен кейін Жобаны іске асыруға шамамен \$50 миллион сома заем түседі деп күтілуде. Үкімет осы ТК-ті мақұлдау АДБ тарапынан келесі Жобаны қаржыландыру туралы міндеттену емес екенін хабардар етті.

D. Іске асыру тетіктері

19. АШМ осы ТК бойынша атқарушы агенттік болып табылады. ТК-тің іске асырылуын қадағалауды жүзеге асыру үшін Ауыл шаруашылығы вице-министрінің

басшылығымен Үйлестіру комитеті құрылады, оның құрамына Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Қаржы министрлігі, Индустрия және сауда министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Статистика жөніндегі агенттік, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттік, Көші-қон және демография жөніндегі агенттік, Су ресурстары жөніндегі агенттік және, қажет болған жағдайда, - басқа да ведомстволар өкілдері кіреді. Үйлестіру комитетінің бақылауымен АШМ Ауылдық аумақтар ісі жөніндегі комитетінің төрағасы басқаратын жұмыс тобы құрылатын болады. Бұл жұмыс тобының құрамына Үйлестіру комитеті құрамына кіретін республикалық ведомстволардың техникалық қызметкерлері, сондай-ақ облыстық және аудандық өкілдер кіреді.

20. Осы ТК сегіз ай ішінде екі кезеңде іске асырылатын болып жоспарланып отыр, онда да ТК-тің басталуы 2004 жылғы үшінші тоқсанға жоспарланып отыр. I фазаның ұзақтығы - үш айды, II фазанікі - бес айды құрайды. ТК іске асыру үшін мынадай мамандықтар бойынша халықаралық консультанттардың он екі адам/ай қызмет көрсетуі қажет: өңірлік жоспарлау жөніндегі маман/Жоба жетекшісі, институционалдық даму жөніндегі маман, өңір жөніндегі экономист, экологиялық баға беру жөніндегі маман, инженер-құрылысшы, қоныс аудару жөніндегі ауылдық социолог/маман және қажет болған жағдайда басқа да мамандар. Сондай-ақ жергілікті консультанттардың 40 адам/ай қызмет көрсетуі де қажет болады: институционалдық даму/жергілікті мемлекеттік басқару жөніндегі маман, ауылдық экономист, ауылдық социолог, экологиялық бағалауды жүргізетін маман, инженер-құрылысшы, агроном, мал шаруашылығы жөніндегі маман және қажет болған жағдайда, басқа да мамандар. Техникалық тапсырмалар 3-қосымшада берілген. Консультанттар Кіріспе есеп, I фазаның аяқталуы туралы есеп, Аралық есеп, Қорытынды есеп жобасын (II фаза бойынша), Қорытынды есеп және негізгі жұмыс құжаттарын беруге тиіс. Барлық консультанттар консалтингтік компаниялар арқылы АДБ консультанттар тарту жөніндегі нұсқауларына сәйкес жалданады. Фирма-консультанттарды іріктеу кезінде ұсыныстың сапасы мен құны (QCBS) негізінде іріктеумен қоса оңайлатылған техникалық ұсыныс жасау рәсімдері пайдаланылатын болады. Осы ТК шеңберінде жабдықтарды сатып алу *Сатып алу жөніндегі АДБ басшылығымен* сәйкес жүзеге асырылатын болады. ТК-тің кедейлік деңгейіне және әлеуметтік жағдайға әсерін алдын ала бағалау 4-қосымшада берілді.

21. Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды қамтамасыз етеді: (i) виза алу, кедендік тазалау кезінде және техникалық тапсырмалар қойып отырған міндеттерді орындауға басқа да рұқсаттарды алу кезінде консультанттарға әкімшілік қолдау көрсету; (ii) мемлекет ұйымдарында бар консультанттар жұмысына көмектесетін барлық құжаттар мен акпараттар; (iii) қажетті жиһаздары бар сиымды офистік кеңсе; (iv) жергілікті байланыс құралдарын пайдалана алу және халықаралық жүйеге тікелей

шығу (халықаралық сөйлесу құнын консультант төлейді) және (v) консультанттармен жұмыс үшін әріптес ұйымның қызметкері.

IV. Президенттің шешімі

22. Президент, өзіне АДБ Директорлар кеңесі берген өкілеттігі шеңберінде, Қазақстан Республикасының Үкіметіне грант түрінде Ауылдық аумақты өңірлік дамыту жобасын әзірлеуге \$677.000 баламасынан аспайтын Техникалық Көмек бөлуді мақұлдады, және осымен шешім қабылданғаны туралы АДБ Директорлар Кеңесін хабардар етеді.

1-қосымша
Жобаның алдын ала құрылымы

Қысқаша сипаттау	Тиімділік көрсеткіштері/мақсаттар	Мониторинг тетіктері	Алғышарттар және тәуекелдер
Мақсат	Кедейлік шегінде тұрып жатқан отбасылардың санын азайту, _____%-ден _____% дейін	Мониторинг деректері және жобаны бағалау. Жобаны аяқтау туралы есеп.	Елдегі және Жоба аймағындағы тұрақты макро. экономика және қатынастары мен саяси жағдайы.
Рынокқа бағдарланған жаңа экономикаға ауылдық аумақтарды бейімдеу.	орташа %. Ауыл тұрғындарының негізгі қызмет көрсетуге қол	ЖІӨ - ның өсуі Облыстар мен Тұрғындардың мемлекеттік басқару орғанда. рының және Статистика жөнін. дегі агенттіктің жетімділігінің деректері	ж а қ с а р у ы .
Міндеттер	Өңірлердің материалдық-шикізат базасына негізделген облыстық және	Жобаны әзірлеу барысында әзірленетін көрсеткіштер.	Қазақстан Республикасының Үкіметі өзінің ауылдық аумақтар. ды дамытуға және

олардың	аудандық дең.	Облыстар мен	нығайтуға бағыт.
жауапкершілігі	гейдегі жоспар.	аудандардың	талған саясатын
мен өкілеттік.	лау кезінде	мемлекеттік	ұстанады және
теріне,	басшылықты	басқару	жергілікті
жоспарлаудың	камтамасыз ету	органдарының	мемлекеттік
оңтайлы әдіс.	үшін өңірлік	және Статистика	басқару органдары
стерін қолда.	жоспарлаудың	жөніндегі	алдында бюджеттік
нуға сәйкес	жақсартылған	агенттіктің	міндеттерін
әзірлеу және	жүйесі.	деректері.	орындайды.
і с к е		а с ы р у .	

Негізгі тауарлар, Мониторинг
басқадай және жобаны
инвестициялық бағалау бойын.
мүмкіндіктердің ша деректер.
нарық әлеуетін Жобаны іске
және қызмет асыру барысы
көрсетудегі туралы есеп
қажеттіліктерді беру.
есепке ала
отырып таңдап Жобаны аяқтау
алынған өңірлер. туралы есеп
дегі өңірлік беру.

ж о с п а р л а р д ы ң
ж а қ с а р т ы л ғ а н

сапасы.

Т а р а п т а р д ы ң
қ а т ы с у ы м е н
ө ң і р л і к
ж о с п а р л а у д ы ң
ж а қ с а р т ы л ғ а н

сапасы.

Т а ң д а п а л ы н ғ а н
ө ң і р л е р д е т ұ р а қ т ы
и н в е с т и ц и я л ы қ
ж о б а л а р

Шығындар сметасы және қаржыландыру жоспары
(\$'000)

Сипаттау		Шетелдік валюта	Жергілікті ^d валюта	Шығындар жиыны
А.	Азия даму банкінің қаржыландыруы			
1.	Консультанттар			
а.	Еңбекақы және іссапар төлемі			
	i. Халықаралық консультанттар	399,0	0,0	399,0
	ii. Жергілікті консультанттар	0,0	100,0	100,0
b.	Халықаралық сапарлар	52,1	0,0	52,1
c.	Жергілікті сапарлар	0,0	10,5	10,5
d.	Есеп беру және байланыс	5,0	11,0	16,0
2.	Жабдықтар ^a	10,0	0,0	10,0
3.	Оқыту және семинарлар	0,0	10,6	10,6
4.	Зерттеулер ^b	0,0	6,0	6,0
5.	Әртүрлі әкімшілік және ұйымдық шығындар ^c	0,0	20,7	20,7
6.	Келісім-шарт туралы келіссөзге қатысу	5,0	0,0	5,0
7.	Күтпеген шығыстар	35,1	12,0	47,1
	(А) бөлімі бойынша барлығы	506,2	170,8	677,0
В.	Үкіметтің қаржыландыруы			
1.	Офистік үй-жай, коммуналдық қызметтер мен жергілікті телефон байланысы	0,0	77,0	77,0
2.	Серіктес қызметкердің еңбек үлесі	0,0	56,0	56,0
3.	Облыстық, аудандық деңгейде жүргізілетін зерттеулер	0,0	135,0	135,0
4.	Деректер мен жарияланымдар	0,0	35,0	35,0
5.	Жоба аймағындағы көлік	0,0	16,0	16,0
6.	Күтпеген шығыстар	0,0	0,0	0,0

(В) бөлімі бойынша барлығы	0,0	319,0	319,0
Жиыны	506,2	489,8	996,0

Ескерту: ^a 3 компьютер/принтер, көшіру аппараты, факс және бағдарламалық қамтамасыз ету енеді.

^b Әлеуметтік-экономикалық зерттеу және деректер ж и н а у .

^c Офис үшін жиналатын материалдар, ауызша және жазбаша аударма және хатшы қызметтерінің ш ы ғ ы с т а р ы .

^d Сомалар доллар баламасында көрсетілген, шығыстар жергілікті валютада жасалынады.

Көздері: Азия даму банкінің есептері.

3-қосымша

Техникалық тапсырма

1. ТК-ті іске асыру үшін мынадай (i) халықаралық консультанттардың қатысуы қажет болады (жақша ішінде адам/ай саны көрсетілген): (a) өңірлік жоспарлау жөніндегі маман/жобаның жетекшісі (7,0), (b) институционалдық даму жөніндегі маман (3,0), (c) өңір жөніндегі экономист (2,0), (d) экологиялық бағалау жөніндегі маман (2,0), (e) қоныс аудару жөніндегі ауылдық социолог /маман (2,0), (f) бөлініп берілмеген қызмет көрсетулер (3,0) мен (II) жергілікті консультанттар: (a) институционалдық даму /жергілікті мемлекеттік басқару жөніндегі маман (7,0), (b) ауылдық экономист (6,0), (c) ауылдық социолог (6,0), (d) экологиялық бағалау жөніндегі маман (3,0), (e) инженер-құрылысшы (2,0), (f) агроном (1,5), (g) мал шаруашылығы жөніндегі маман (1,5) және (h) бөлініп берілмеген қызмет көрсетулер (13,0).

2. Бөлініп берілмеген адам/айлар ТК-ті іске асыру сатысында, жобаның алдын ала құрылымын жоспарлау және әзірлеу процесіне назар аударылғанда бөлінеді. Қосымша қажеттілікті керек ететін мамандардың тізбесіне мыналар кіреді: заңгер, инженер, қоныс аудару жөніндегі маман, агробизнес жөніндегі маман және кәсіпорынды дамыту жөніндегі маман.

А. I фазаның міндеттерінің толық сипаттамасы

1. Пилоттық жоба үшін облысты(тарды) тандап алу

3. Бір немесе екі облысты тандап алу жұмыс тобымен келісілген және Үйлестіру комитеті мақұлдаған өлшемдерге негізделеді. Ең төменгі өлшемге мыналар жатады: (i) ауыл шаруашылығы бағдары мен экономикалық дамудың орташа және жоғары әлеуеті; (ii) ТК шеңберінде бірлесе әзірленген жоспарлау принциптерін ұстануға дайындық;

және (iii) ТК ресурстарын оңтайлы пайдалану мақсатында облыстардың географиялық жақындасуы (егер бір облыстан артық таңдап алынса).

2. Өңірлік дамудың мемлекеттік негізін ықпалдастыру мен нақтылау

4. Жоспарлау процесінде облыстар мен аудандар басшылыққа алатын өңірлік жоспарлау негіздерін неғұрлым сапалы анықтау үшін Үкіметтің саясаты мен стратегиясына және нормативтік заңнамалық базасына толық шолу даярлау. Шолуға мынадай негізгі құжаттар енуі керек: Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары ; 2003-2005 жылдар Ауылды өркендету жылдары деп жарияланған 2002 жылдың сәуіріндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысымен бекітілген Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 желтоқсандағы N 1598 қаулысымен мақұлданған 2002-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы өңірлік саясатының тұжырымдамасы мен АДБ N 3898-KAZ " *Ауылды дамытудың бірлескен жоспары*" 2003 жылдың 27 ақпанындағы ҚТК-нің есебі.

5. Өңірлік дамудың біртұтас негізін анықтау және оны таңдап алынған облыста және аудандарда пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісу.

6. Облыстық және аудандық деңгейлерді қолданылатын өңірлік жоспарлау процесін Үйлестіру комитетімен, пилоттық облыс(тар) және аудандармен келісу.

3. Ауылдық аумақтардың дамуын және өңірлік жоспарлау жөніндегі ұйымдық мүмкіндіктерді бағалау

7. Олардың өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін, сондай-ақ ауылдық аумақтардың өңірлік дамуының саясаты мен бағдарламаларын бірлесе қалыптастыру тетігін неғұрлым анықтап түсіну үшін шешуші ведомстволардың, оның ішінде Ауыл шаруашылығы министрлігінің (АШМ), Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің (ЭБЖМ), Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің (Қоршағанортамині), Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің және Су ресурстары жөніндегі комитеттің саяси/құқықтық базасына, ұйымдық құрылымы мен қолдағы кадрлар ресурсына бағалау жүргізу. Сонымен бірге бұл ведомстволардың облыстық және аудандық деңгейде жоспарлау процесінің дербес немесе бірлесіп, қалай жүргізіліп жатқанын анықтау қажет. Мұндай бағалау шеңберінде 2-тапсырмада (4-абзац) келтірілген құжаттарға талдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 147 қаулысымен мақұлданған Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру

тұжырымдамасына және "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-І Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексіне және осы ведомстволардың құрылуы мен қызметін реттейтін басқада заңнамалық және нормативтік құжаттарға талдау жүргізу қажет.

8. Пилоттық облыс(тар) мен аудандардың тиімді өңірлік жоспарлау және басқару жөніндегі әлеуетін көтерудегі олардың қажеттіліктеріне бағалау жүргізу. Мұндай бағалауға мыналар енеді: облыстық және аудандық деңгейлердегі жоспарлауды жүзеге асыратын органдар құрылымы; елді мекендердің жерлерін пайдалануда жоспарлаудың рәсімдері мен әдістері; орта мерзімді (3 жылдан 5 жылға дейін) жоспарлаудың рәсімдері мен әдістері; кедей тұрғындарға әлеуметтік көмекті жоспарлау және көрсету; қоршаған орта жағдайын бағалау; әлеуметтік салаға ықпал етуді бағалау; тұрақты даму қағидаттарын қолдану; облыста(рда) және аудандарда қолданылатын үйлестіру механизмі; жобаны бағалау; жоспар мен жобаларды бағалау және мониторинг кезінде қолданылатын көзқарастар; мемлекеттік және жеке секторлар арасындағы серіктестік; ресурстар мен қаржыларды жұмылдыру; мүдделі органдар мен пайдаланушы топтардың қатысуы; үкіметтік емес ұйымдар мен өзара қарым-қатынаспен ауылдық инфрақұрылымды пайдалану үшін төлем есебінен шығынды толтыру. Бұдан басқа, осы бағалау барысында мүмкіншілігіне қарай қоғамдық тауарлар мен қызмет көрсетулерді ұсынатын облыстар мен аудандардың жұмыстарының өндірістік және ұйымдық тиімділігін есепке алу.

9. Мемлекеттік ведомстволарды және пилоттық облысты(тарды) және аудандарды осындай бағалау негізінде ұйымдық дамудың 5 жылдық бағдарламасын жасау. Ұйымдық әлеуетті арттыру жөніндегі алғашқы шаралар семинарлар өткізу мен жұмыс орнында оқыту арқылы ТК-ні іске асыру барысында жүзеге асырылады.

4. Өңірлік жоспарлау құралдарының бейімделуі

10. Республикалық және пилоттық өңірдегі облыстық және аудандық органдардың ұйымдық құрылымын бағалау негізінде консультанттар Қазақстанға неғұрлым қолайлы өңірлік және ауылдық дамытуды жоспарлаудың танылған әдістерін ұсынады. Атап айтқанда консультант:

(i) жоспарлау процесі мен өңірлік жоспарларды дайындау сапасын жақсартатын нұсқаулықтарды, өлшемдерді және басқа да құралдарды әзірлейді/бейімдейді және

(ii) республикалық, облыстық және аудандық деңгейде жоспарлау жөніндегі мамандар үшін, яғни оларды осы құралдарды пайдалануға үйретуге және оларды пайдалануға бейімдеуге үйрету мақсатында оқытулар мен семинарлар ұйымдастырады.

11. Бұл құралдар көші-қон ағындарын болжамдау және басқару құралдарын енгізетін болады: мысалы, басқа өңірлерден әлеуметтік салаларға жұмыс күштерінің ағылып келуіне ықпал етуді бағалау құралдары, жұмыс күштерінің қоныс аударуын және ауылдық елді мекендерді дамытуды үлгілеуді көтермелеу тетіктері.

5. I фаза бойынша есеп және республикалық семинар

12. 1-4 тапсырмалар шеңберінде жасалған қорытындылармен және ұсыныстармен, және II фазада іске асыруға ұсынылған шаралар мен нәтижелердің бағасымен қоса ағылшын және орыс тілдерінде есеп әзірлеу. Есепті ауылдық аумақты дамытуды өңірлік жоспарлау мәселелері жөніндегі республикалық семинарға қатысушылар арасында тарату. Семинарға қатысушылардың арасында ведомстволық ұйымдардың, атқарушы биліктің жергілікті органдарының, донорлар, үкіметтік емес ұйымдар мен ғылыми мекемелердің өкілдері болуға тиіс. Талқылау нәтижелері бойынша материалдарды дайындап, оларды барлық қатысушылар арасында тарату.

13. II фаза бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметімен және АДБ келісу үшін толық іс-шаралар жоспарын дайындау.

С. II фаза тапсырмаларының толық сипаттамасы

1. Өңірлік жоспарлау құралдарының сапасын оларды пилоттық облыс(тар) мен аудандарда қолдану

арқылы көтеру

14. Облыстық және аудандық өңірлік жоспарларды дайындау жөніндегі оқыту мен құралдарды қолдану барысында алынған пікірлер негізінде жоспарлау құралдарын түзету және, мүмкіндігіне қарай, оларды қолдану жөнінде нұсқаулықтар дайындау.

2. Пилоттық облыс(тар) мен аудандар үшін өңірлік жоспарлау жобасы

15. I фазада келісілген өңірлік дамудың мемлекеттік жүйесінің, жоспарлау процесінің және институционалдық бағалаудың, Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған аудандарды топтастырудың және ұсынылып отырған шаралардың негізінде ұзақ мерзімді даму мен өңірлік даму стратегиясының көрінісін қалыптастыру мақсатында облыстық және аудандық деңгейде семинарлар өткізу. Облыстық/аудандық деңгейдегі мұқият жоспарлау процесі туралы келісімдерге қол жеткізу.

16. Толық мәліметтер, күшті, әлсіз тараптардың талдамасын, мүмкіндіктер мен тәуекелшіліктерді жинауды жүргізіп және өңірлік мүмкіндіктер мен қажеттіктерді ұғуға бағытталған жоспарлаудың басқа әдістерін пайдалану. Бұл жұмыс ұжымдық сипатта болып және болжамды бенефициарлар мен басқа да мүдделі тараптардың қатысуын қарастырады. Көрініске және өңірлік даму стратегиясына сәйкес келетін жобаларды бірдейлестіру бұл жұмыстың шырқау шегі болмақ. Бұл жобалар ықпалдастыру мен олардың көлемдерінің нақты өзара байланысын, қай салаға жататындығын және қаржыландыру мерзімі мен көздерін көрсете отырып, өңірлік даму жоспарының негізіне жатады. Кейбір жобалар аудандар мен облыстардың әкімшілік шекарасының шегінен шығып кетуі мүмкін.

17. ААДМБ әзірлеу үшін ауылдық елді мекендерді паспорттау кезінде пайдаланылған өлшемдер жиынтығына негіздей отырып, мемлекеттік басқарудың әртүрлі деңгейлерінде пайдалануға келетін мониторинг жүйесін жасау.

3. Инвестициялық жобаны әзірлеу

18. Өңірлік жоспарларды әзірлеумен және жобаларды сәйкестендірумен қоса толық техникалық-экономикалық негіздемені дайындау және АДБ қаржыландыруы үшін инвестициялық жобаны жасау. Бұл көптеген компоненттермен бір инвестициялық жоба немесе іске асыруы 5 жылдық мерзімімен көп салалы жоба болуы мүмкін.

19. Инвестициялық жобада негізгі назар жоспарлау процесінде анықталған шешуші басымдықтарға шоғырлануы керек. Жоба өзіне ауыл шаруашылығының дамуын қамтамасыз ететін және әлеуметтік қызмет көрсетуге қол жеткізуді көтеретін ауылдық инфрақұрылымдар компонентін; ауыл шаруашылық қызметтер көрсету және агробизнес, әсіресе жекеменшік кәсіпорындар компонентін; сондай-ақ мемлекеттік басқарудың республикалық, облыстық және аудандық органдары мен жергілікті қоғамдық ұйымдардың институционалдық дамуы мен ұйымдық әлеует компоненттерін е н г і з е а л а д ы .

20. Жобаны әзірлеу кезінде консультанттар мынадай талаптарды орындайды:

21. **Тараптардың қатысуын қарастыратын көзқарас.** Консультант өңірлік жоспарлау процесімен қоса жобаны анықтауға, әзірлеуге және іске асыруға республикалықтан бастап жергілікті деңгейге дейінгі барлық мүдделі органдардың қатысуын қамтамасыз етеді. Қатысудың тереңдігі мен ауқымы бенефициарлардың, республикалық және жергілікті ведомстволардың консенсусқа қолы жетіп, жобаны әзірлеу және іске асыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне алуы және, қажет болған жағдайда, пайдалану мен қызмет көрсетуді және шығындардың орнын толтыруды өзіне алуы үшін жеткілікті болуы қажет.

22. **Жобаның құрылымы:** Жобаның құрылымы ІІ фазадағы Жобаны дайындау барысында біртіндеп жасалады. Бұл процесс проблемаға талдау жасаудан бастап, мақсаттары, тапсырмалары, нәтижелері мен іс-шаралары келісілген, тиімділік көрсеткіштерімен, мақсатымен, мониторингтің тиесілі тетіктерімен, негізгі тәуекелділігі және рұқсат етілуімен қоса жобаның толық құрылымының жасалуына дейін кезең-кезеңімен жүзеге асырылуға тиіс. Жобаның құрылымы Жобаны әзірлеудің құралы ретінде пайдаланылатын болады.

23. **Әлеуметтік бағалау.** Осы жобаның ықпал ету аясында қалатын бенефициарлар мен топтарды анықтау және *Жобадағы әлеуметтік қырларды есепке алу жөніндегі АДБ-нің нұсқаулығына* сәйкес алғашқы әлеуметтік бағалау жүргізу. Жобадағы бенефициарлардың бейнесін жасау үшін әлеуметтік-экономикалық талдауға айрықша назар аудару қажет, оның ішінде, еркектер мен әйелдердің демографиялық, экономикалық және де, егер мүмкін болса, әлеуметтік мәліметтердегі, сондай-ақ кедейлік, тұрғындардың әлсіз топтары, есепке шығындардың орнын толтыруға

қабілетті және дайын тұрғындар және Жобаға кез келген күтілген теріс әсерді төмендету жөніндегі мәліметтердегі қарым-қатынастарын анықтау.

24. Әлеуметтік бағалау барысында пилоттық облыстар мен аудандардың экологиялық қауіпті немесе даму әлеуеті әлсіз елді мекендерден ерікті түрде болатын қоныс аудару жайына талдау жүргізу. Мұндай қоныс аударулардың орны мен маңызына, олардың жоба таңдап алған аймақпен мүмкін болатын байланыстарына бағалау жүргізу және қоныс аудару жоспарын жасаудағы қажеттіліктерді бағалау. Былайша талдау және қоныс аудару жоспарын әзірлеу, егер оларда қажеттілік туындаса , *Қоныс аудару жөніндегі АДБ нұсқаулығы: Жалпыға бірдей тәжірибе жөніндегі басшылыққа* сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

25. **Қоршаған ортаның жағдайын бағалау:** Қоршаған ортаға әсер етуге бағалау жүргізу және экологиялық талдау жүргізу рәсімдері жөніндегі АДБ талаптарына сәйкес , сондай-ақ Үкіметтің қоршаған ортаны қорғауға қатысты талаптарына сәйкес Жобаның қоршаған ортаға әсерін алдын ала (ҚОӘАБ) және жинақтап бағалауды (ҚОӘБ) әзірлеу. ҚОӘАБ мен ҚОӘБ құрамында қоршаған ортаға мүмкін болатын әсер етудің барлығы (оң және теріс) және теріс әсер етуді төмендету жөніндегі шаралар, мониторингке қойылатын талаптар, қаржыландырудағы қажеттіліктер мен жүзеге асыру тетіктері анықталатын болады. Қоршаған ортаға әсер етудің неғұрлым толық бағалауы қажет болатын болса, консультанттар тиісті техникалық тапсырмалар әзірлеп, АБД және Үкімет талаптарына сәйкес Жобаның қоршаған ортаға әсерін алдын ала және жинақтап бағалау жүргізеді .

26. **Шығындар сметасы және қаржыландыру жоспары.** Costab бағдарламасын пайдалану арқылы, инвестицияның тиісті санатын, ағымдағы шығындарды, алдын ала жарнаманы, міндеттеме үшін комиссиялық төлемдер және құрылыс барысындағы пайыздарды қоса егжей-тегжейлі шығындар сметасын дайындау. Шығындарға шетелдік валюта (тікелей және жанама) және жергілікті валюта, сондай-ақ заттай және бағалық мазмұндағы күтпеген шығыстар енеді. Жергілікті валютадағы шығындарға жеке анықталатын салықтар мен баж салығы енеді. Үкімет, АДБ, жеке меншік секторы және бенефициарлардың қатысуымен қаржыландыру жоспарын дайындау.

27. **Іске асыру тетігі.** Атқарушы агенттіктің және жобаны іске асыруға жауапты агенттіктің мүмкіндіктерін зерделеу және атқарушы агенттіктің және Жобаны іске асыруға және үйлестіріп отыруға жауапты агенттіктің нұсқауларымен қоса, Жобаның іске асыру тетігін сипаттау. АДБ басшылығына сәйкес жобаны іске асыру және құрылыс жұмыстарына сатып алу пакеттерінің кестесін, құрал-жабдықтар мен көрсетілетін қызметтерді дайындау.

28. Жобаны іске асыруға қолдау көрсететін шетелдік және жергілікті консультанттар үшін техникалық тапсырмалар әзірлеу.

29. Жобаның құрылымы негізінде Жобаны іске асыруға жауапты атқарушы агенттік және ведомство мүмкіндіктері шеңберінде Жоба тиімділігінің мониторинг жүйесін

д а й ы н д а у .

30. **Қаржылық-экономикалық талдау.** Жобаны іске асыруға қатысатын ведомстволардағы қаржылық есеп беру мен қаржылық басқару жүйелеріне бағалау жүргізу. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен АДБ-ден ақша қаражаттарының қозғалысы, бухгалтерлік есеп және қаржыны басқару, келісім-шарттар жөнінде ұсыныс б е р у .

31. *АДБ жобалардың экономикалық талдауы жөніндегі нұсқауына сәйкес* жобаға қатысушы ұйымдар үшін Жоба компоненттеріне және тұтастай алғандағы бүкіл Жобаға қаржылық-экономикалық талдау жасау және жобаның өзгермелі шығыстары мен оны жүзеге асырудың салдарына бағалау жүргізу. Бұл талдауға сезімталдық/тәуекелшілікті, алынған пайдаларды бөлуді талдау және кедейшілік деңгейіне ықпал етуді бағалау енуге тиіс.

4. II фаза бойынша есеп беру және республикалық семинар өткізу

32. 1-3 тапсырмалар шеңберінде дайындалған қорытындылар және ұсыныстармен ағылшын және орыс тілдерінде есеп әзірлеу. Есепті өңірлік және ауылдық дамуды жоспарлау жөніндегі екінші республикалық семинарға шақырылған мүдделі органдар арасында тарату. Талқылауға қатысушылар арасында ведомстволық органдар, жергілікті атқарушы органдар, донор ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар мен ғылыми мекемелер өкілдері болуға тиіс. Семинар алынған сабақтарды, өңірлік жоспарлаудың ұсынылған құралдар жиынтығын және алынған сабақтарды игеру мен құралдарды қолдану тетіктерін қарауға тиіс. Семинар қорытындылары туралы материалдар әзірлеп, оларды барлық қатысушылар арасында тарату.

D. Есеп беруге қойылатын талаптар және үш жақты кездесулер

33. ТК I фаза мен II фаза арасында I фазаны Қазақстан Республикасының Үкіметі мен АДБ зерделеу және II фазада жоспарланған нәтижелер мен шараларды қарау үшін бір ай үзіліспен 8 ай ішінде жүзеге асырылады деп күтіледі. Консультант мынадай е с е п т е р д і ә з і р л е й д і :

(i) Төрт апта өткеннен кейін **Кіріспе есеп** . Кіріспе есепке келісілген өлшемдер мен бір немесе екі пилоттық облысты таңдап алу, өңірлік дамудың мемлекеттік жүйесін алдын ала талдау нәтижелері бойынша қорытындылар мен I фазаның қалған кезеңіне арналған жұмыс жоспары енуге тиіс. Үшінші аптада үш жақты кеңес өткізілетін б о л а д ы .

(ii) I фаза аяғында өтетін бірінші республикалық семинарға қарай 11 апта өткеннен кейін **I фаза бойынша есеп** . Бұл есеп 12 параграфта қарастырылған талаптарға сәйкес құрастырылуға тиіс. II фазаны іске асырудан бұрын үш жақты кездесу өткізіледі.

(iii) 20 апта өткеннен кейін **Аралық есеп** . Аралық есеп өңірлік жоспарлар мен жобаны жасауға әзірлік барысы туралы ақпаратты қамтуы тиіс. Есепке өңірлік

жоспарлардың жалпы сипаты мен жобаның құрылымы, оның ішінде, жобаның аясы, қоршаған ортаны бағалаумен және қоныс аударумен ерекше байланысты шешімдерді қажет ететін шешуші проблемалар енгізілуге тиіс. 22-ші аптада үш жақты кездесу өткізілетін болады.

(iv) 28 апта өткеннен кейін **Қорытынды есеп жобасы**. Есепте өңірлік жоспарлардың жобалары мен 19-32 параграфтарда қарастырылған барлық қырларды қамтыған Жобаның толық сипаттамасы берілетін болады. 32 аптада үш жақты кездесу өткізіледі.

(v) **Қорытынды есеп** үш жақты кездесуден және мүдделі органдардан ескертулер алғаннан кейін әзірленеді.

34. Барлық есептер ағылшын және орыс тілдерінде әзірленуге тиіс. Есептің ағылшын тіліндегі бес көшірмесі - АДБ-ге және ағылшын тіліндегі екі және орыс тіліндегі бес көшірмесі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберіледі. Бұдан басқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен АДБ-не Жобаның барлық негізгі жұмысшы құжаттары әзірленіп, жіберілетін болады.

4-қосымша

Кедейшілік пен әлеуметтік жағдайдың алғашқы талдауының жиынтық сипаты

А. Елдегі кедейшілік жағдайын талдаумен байланыс

Осы саланың дамуы еліміздегі кедейшілік жағдайын талдау кезінде мемлекеттік басымдықтар қатарына жата ма?	Осы саланың дамуы Кедейшілікті төмендету жөніндегі әріптестік туралы келісім (КТӘК) бойынша мемлекеттік басымдылық қатарына жатқызылған ба?
Иә.	Иә, 2003 жылдың 24 маусымында қол қойылған КТӘК-ге сәйкес жатқызылған.

Саланың Қазақстандағы кедейшілікті төмендетуге ықпалы.

Жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) ауыл шаруашылығы үлесінің 1993 жылғы 16,3 пайыздан 2001 жылы 9 пайыз болып күрт түсіп кеткеніне қарамастан, елдегі тұрғындардың едәуір пайызы әлі де болса ауылдық жерлерде тұрып жатыр. 1990 жылы 42 пайыз болған ауыл тұрғындарының үлесі 2001 жылы 44 пайызға дейін өсті. Кедейлік статистикасы да қалаға қарағанда ауылда жоғары. 2001 жылы ауылдағы кедей тұрғындар 38% болса, қалада 20%, ал республикалық деңгейде 28,4% болды. Сол жылы ресми жұмыссыздық қалаға қарағанда (8%) ауылда (12,6%) едәуір жоғары болды. Кедейліктің ең жоғары проценті Маңғыстау, Қызылорда, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік

Қазақстан және Атырау облыстарында тіркелді. Маңғыстау мен Атырау облыстары - бұлар 2000 жылы мұнай мен газ өндіруге байланысты өңірді тұтастай алғанда және тұрғындардың әр адамына шаққанда ең жоғары ЖІӨ тіркелген еліміздің екі облысы, соған қарамастан, бұл өңірлердің тұрғындарының жартысынан астамының кірісі әлеуметтік көмектің төменгі деңгейінен де төмен болды. Оның үстіне бұл облыстарда 10% ең бай отбасы және 10% ең кедей отбасы арасындағы кірістің барынша ала-кұла бөлінуі байқалды, және де кедейлердің көпшілігі ауылдық жерлерде тұрады. Бұл екі облыстардағы барған сайын қиындап бара жатқан ауыз судың тапшылығы сумен тарайтын аурулардың өсуіне алып келді. Маңғыстау облысында республика бойынша балалар мен әйелдердің өлімі және құрт ауруының, сондай-ақ жұқпалы және паразиттік аурулардың ең жоғары деңгейі тіркелген. Маңғыстау және Атырау облыстарындағы жағдай тек оң үрдістегі өсу ғана емес, оның толыққандылығын қамтамасыз ететін сипаты мен көздері де сондай маңызды екендігін көрсетеді. Ең төмен ЖІӨ тіркелген және елдегі кедей тұрғындардың жартысынан астамы тұратын Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында да шетін жағдай қалыптасқан. Бұл 4 облыстың тұрғындары ауыл экономикасына түгелдей дерлік тәуелді. Жердің бос қалуы Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облыстарының ауыл шаруашылығы егістеріне теріс әсер етіп үлгерді. Экологиялық проблемалар мен ауыз судың тапшылығы балалар өлімі мен құрт аурудың, сондай-ақ жұқпалы және паразиттік аурулардың жоғары деңгейі тіркеліп отырған Қызылорда облысының кедейлігін одан әрі өршітіп отыр.

В. Кедейшілікті талдау
Ұсынылған топтау: Басқадай/экономикалық өсу

Қандай кедейшілікті талдау қажет? Қазақстан - аумағы байтақ ел, ол облыстардың экономикалық, топографиялық, әлеуметтік-мәдени және экономикалық айырмашылықтарынан анық көрінеді. Ауыл аумағының шоғырланған стратегиясын жасау үшін облыстар мен аудандардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының ерекшеліктерін зерттеу қажет. Алдында айтып өтілгендей, кедейшілік географиямен анықталады және оның көріністері көп, яғни кедейшілік табыс деңгейіне де, басқадай факторларға да тәуелді. Кең көлемді көзқарастарға негізделген және кедей тұрғындардың кірістерінің өсуіне бағытталған араласудың тиісті әдістерін анықтау үшін кедейшіліктің кірістері мен басқадай индикаторларын, кедейшілік пен экология, сондай-ақ, кедейшілік пен гендерлік мәселелер арасындағы байланыстарды зерттей отырып, бері салғанда облыстар мен аудандар деңгейіндегі кедейшіліктің бөлшектелген талдауын жүргізу қажет.

С. Қ а т ы с у п р о ц е с і

Негізгі қатысушылардың талдауы: Өңірлік жоспарлау процесінде және инвестициялық жобаны әзірлеу кезінде басым қажеттіліктерді сәйкестендіру және оларды қанағаттандыру бойынша қажетті шараларды жасау мақсатында проблемаларды талдау және негізгі қатысушылар арасында жобаның пайдаларын бөлісу жүргізіледі. Мүдделі талаптардың қатысуы мен тұрғындардың, оның ішінде кедей ауыл тұрғындарының қатысу дәрежесін барынша арттыратын өңірлік жоспарларды әзірлеу мен жасауға және инвестициялық жобаны жүзеге асыруға ұжымдық көзқарас жасалады.

D. Мүмкін болатын проблемалық мәселелер

	Маңызды/ Маңызсыз/ Анықталмаған/ Проблема жоқ	Мәселелерді шешу стратегиясы	Қажетті іс-әрекет
Қоныс аудару	Анықталмаған	Қажетті қоныс аудару дәрежесі осы инвестициялық жобадан тікелей пайда алатын аудандар мен елді мекендерге тәуелді болады. Қазақстанның ауылдық аудандарын.	Қоныс аудару кезіндегі талаптар, қажет кезінде, АДБ-ның қоныс аудару жөніндегі нұсқаулығына: оң тәжірибе бойынша басшылыққа сәйкес қанағаттандырылатын болады. дағы тұрғындардың тығыздылығының жоғары еместігіне қарағанда қоныс аудару көлемі мардымсыз болуы мүмкін, ал қоныс аудару қажеттілігі аз болады. Алайда бұл мәселе II фазада мұқият қаралады.

Гендерлік теңсіздік	Анықталмаған	I фазада қаралған өтпелі кезеңдегі	Гендерлік теңсіздік мәселелері Жоба
---------------------	--------------	------------------------------------	-------------------------------------

еңбекақыға және аясында зерттелетін
жұмысқа тартылуға болады.
қатысты гендерлік
теңсіздіктің өсуі, Қажет кезінде
ауыл шаруашылығын мониторинг бойынша
қоса алғанда, ауыл нақты шаралар өткізі.
экономикасының кез ліп, әйелдерге жоба
келген секторында аясында еркектер
байқалуы мүмкіндігін мен бірдей жұмыс
жекелеген дәлелдер және еңбекақы алу
көрсетіп берді. құқығын қамтамасыз
ететін уағдаластық.
тарға қол
жеткізіледі.

Қаржыға қол жеткізу	Әлеуетті маңызды	Инвестициялық жобаның кейбір элементтері қызмет көрсету тарифтерінің өсуін, инфрақұрылым. дарды пайдалану мен оларға қызмет көрсету дың жергілікті де бенефициарлардың органдары мен және шығыстарының жоғар. Табиғи монополияны лауын қажет етеді. реттеу және бәсекелесті қорғау жөніндегі агенттікпен диалог қажет.	Шығындарды жабуға қол жеткізе алатын тарифтерді енгізуді камтамасыз ету үшін бенефициарлар мен мемлекеттік басқару. оларға қызмет көрсету дың жергілікті де бенефициарлардың органдары мен және шығыстарының жоғар. Табиғи монополияны лауын қажет етеді. реттеу және бәсекелесті қорғау жөніндегі агенттікпен диалог қажет.
---------------------------	---------------------	--	--

Жұмыс күштері	Маңызсыз	Едәуір көлемдегі жұмыс орнын құру инвестициялық шаралар сипатына тәуелді болады. Атқарушы биліктің жергілікті органдары реттеу мен мониторинг қолдануды қамтамасыз ету үшін, кәсіпорында	Атқарушы биліктің жергілікті органдары еңбек ресурстарын басқарудың әдістерін қолдануды қамтамасыз ету үшін кәсіпорын. дарды бақылауы қажет. реттеу мен мониторинг қолдануды қамтамасыз ету үшін, кәсіпорында
------------------	----------	---	--

жұмысшыларды жалдау.
дың әділ тәжірибесін
және еңбек ресурста.
рын басқару әдістерін
қолдануды қамтамасыз
ету үшін кәсіпорын.
дарға бақылау
орнатуға тиіс.

Этникалық топтар	Проблемалар жоқ	Қазақстанның ауылдық өңірлерінде тіркелмеген шағын этникалық топтар жоқ
---------------------	--------------------	---

Басқадай тәуекел. дер / Әлсіздік. тер	Проблемалар	Белгіленбеді жоқ
---	-------------	---------------------
